

Санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға (бақылауға) жататын тауарларға қойылатын Бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптардың II тарауының 22-бөліміне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 1 қыркүйектегі № 106 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 57-бабының 2-тармағына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 2 қосымшаның 20-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Кеден Одағы Комиссиясының 2010 жылғы 28 мамырдағы № 299 шешімімен бекітілген Санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға (бақылауға) жататын тауарларға қойылатын Бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптардың II тарауының 22 бөлімінде:

а) 2-қосымшаның E 300 индексті позициясында үшінші графа "үнды өңдеуге арналған зат" деген сөздермен толықтырылсын;

б) 15-қосымшада "Өңделмеген ет өнімдерін және ет фаршын қоспағанда, ет өнімдері (соның ішінде шұжық өнімдері)" тамақ өнімдеріне арналған "Фосфор қышқылы (E338) және тағам фосфаттары: аммоний (E 342), калий (E340), кальций (E341, 542), магний (E343), натрий (E339), Пирофосфаттар (E540), Трифосфаттар (E541), Полифосфаттар (E452) –жекелей алғанда немесе P205-ке есептелген комбинациядағы қосылған фосфат" позициясында "Өнімдердегі ең жоғары деңгей" графасындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

"1 кг ет шикізатына 3 г қосылған фосфат

1 кг дайын өнімге 8 г жалпы (қосылған + табиғи) фосфат".

2. Осы Шешім Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің Кеден Одағының "Тағамдық қоспалардың, дәмдеуіштердің және технологиялық қосалқы құралдардың қауіпсіздік талаптары" (КО ТР 029/2012) техникалық регламентіне осы Шешімнің 1-тармағында көрсетілген өзгерістер енгізу туралы шешімі күшіне енген күннен бастап, бірақ ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

В. Христенко